

байланыстарды нығайтуда. Осы себептен және ғылым сұранысына орай әлемдік ғаламтор желісінде түркі халықтарының жағрапиялық мәліметтер қорын түзу, қазіргі түркі тілдерінің таралымын көрсету, типологиялық төлқұжатын жасау өзекті тақырып болып саналады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қажыбек Е. Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2019. – 6 б.
- 2 Төлеубаев Ә., Қасымбаев Ж., Қойгелдиев М., Қалиева Е., Далаева Т. Қазақстан тарихы // жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 10- сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2010, 54 б. – кітап
- 3 Вакова Р.А., Бектемирова С.Б. Түркі филологиясына кіріспе. – Алматы, 2013. – 6 б. – кітап
- 4 Янсон Т. Тіл тарихы: Кіріспе – Алматы // Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. – 154 б. – кітап
- 5 Barbara A. West., *Encyclopedia of the Peoples of Asia and Oceania*. 2008. – 826 б. – кітап
- 6 Асқаров Н., Исхан Б.Ж., Зайсанбаев Т.Қ., Мәтбек Н.Қ., Оспанова Б.Р., Сабыр М.Б. Түркі тілдері: Ұжымдық монография. // Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы РМҚК.– Астана, 2015. – 448 б. – монография
- 7 Авакова Р.А. Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан, I, – Астана, 2011, 59 б.
- 8 Бизақов С. Түбі бір түркілер. – Алматы: 2013, 38 б. – кітап
- 9 Аманжолов А.С. Түркі филологиясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 2012, 69 б. – кітап
- 10 Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004, 216 б. – кітап.

*References:*

- 1 Qajybek E. Ūly dala tūlǵalary: Jūbanovtar taǵylymy jāne jazu reformasy // Halyqaralyq ǵylymi-teorialyq konferensia materialdary. – Almaty, 2019. – 6 b.
- 2 Tōleubaev Ä., Qasyymbaev J., Qoigeldiev M., Qaliev E., Dalaeva T. Qazaqstan tarihy // jalpy bilim беретін mekteptiñ qoǵamdyq-gumanit. Baǵytyndaǵy 10- synybyna arnalǵan oqulyq. – Almaty: Mektep, 2010, 54 b. – kitap
- 3 Vakova R.A., Bektemirova S.B. Tūrki filologiasyna kirispe. – Almaty, 2013. – 6 b. – kitap
- 4 İanson T. Tıl tarihy: Kirispe – Almaty // Ūlttyq audarma bürosy qoǵamdyq qory, 2019. – 154 b. – kitap
- 5 Barbara A. West., *Encyclopedia of the Peoples of Asia and Oceania*. 2008. – 826 b. – kitap
- 6 Asqarov N., İshan B.J., Zaisanbaev T.Q., Mätbek N.Q., Ospanova B.R., Sabyr M.B. Tūrki tilderi: Ūjymdyq monografia. // Ş.Şaiahmetov atyndaǵy tilderdi damytudyñ respublikalyq üilestiru-ädistemelik ortalyǵy RMQK.– Astana, 2015. – 448 b. – monografia
- 7 Avakova R.A. Tūrki örkenieti jāne täuelsiz Qazaqstan, I, – Astana, 2011, 59 b.
- 8 Bizaqov S. Tübi bir türkiler. – Almaty: 2013, 38 b. – kitap
- 9 Amanjolov A.S. Tūrki filologiasynyñ negizderi. – Almaty: Mektep, 2012, 69 b. – kitap
- 10 Qaidar Ä., Orazov M. Tūrkitanuǵa kirispe. – Almaty: Arys, 2004, 216 b. – kitap. МРНТИ 16.31.02

**МРНТИ 16.31.02**

Садық Д.А.,<sup>1</sup> Мәдиева Г.Б.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Алматы, Қазақстан

## КОМПЬЮТЕРЛІК ЛИНГВИСТИКА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫ СӨЗДІКТЕРДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

### *Аңдатпа*

Мақалада компьютерлік лингвистиканың бір саласы – қолданбалы лексикографияның даму динамикасына назар аударылған. Лексикография саласында еңбек еткен ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, сан тарап пікірлеріне талдау жасалды. Интернет және технология салаларының дамуына байланысты лексикография саласы да жаңа бағыт бойынша даму алды. Компьютерлік лексикографияның жаңа саласы, жалқы есімдердің сөздік түзу тәжірибесін қарастыратын қолданбалы

ономографияның теориясы мен практикасы жайлы кеңінен талданады. Сондай-ақ, автор мақалада электронды сөздік немесе компьютерлік сөздік деп аталатын сөздіктердің жаңа түрлерін талдап, жалқы есімдерге арналған “atau.kz”, машиналық аударма саласындағы “sozdik.kz” сайттарының құрылымына тоқталып, жетістіктері мен болашағы жайлы баяндайды. Шетелдік сөздік түзу тәжірибесін негізге ала отырып зертейді.

**Түйін сөздер:** жалқы есімдер, қолданбалы тіл білімі, компьютерлік лексикография, компьютерлік ономография, электронды сөздік

*Sadyk D.,<sup>1</sup> Madiyeva G.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan*

## ADVANTAGES OF ELECTRONIC DICTIONARIES IN THE SPACE OF COMPUTER LINGUISTICS

### *Abstract*

The article is devoted to the development of applied lexicography in one of the areas of computer linguistics. Discusses the discussion of lexicography, caused by the fact that it is complex in nature, incorporates both theoretical and applied researches. The development of the Internet and technological industries has influenced the development of lexicography in a new direction. A new section of computer lexicography is widely analyzed in theory and practice of applied onomography, which studies the vocabulary of proper names. The author also analyzes new types of dictionaries, such as “Atau.kz”, “sozdik.kz”. The article is told about the successes and prospects dedicated to proper names in the field of electronic dictionaries.

**Keywords:** proper names, applied linguistics, computer lexicography, computer onomography, electronic dictionary

*Садық Д.А.,<sup>1</sup> Мадиева Г.Б.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> КазНУ им. аль-Фараби,  
г. Алматы, Казахстан*

## ПРЕИМУЩЕСТВА ЭЛЕКТРОННЫХ СЛОВАРЕЙ В ПРОСТРАНСТВЕ КОМПЬЮТЕРНОЙ ЛИНГВИСТИКИ

### *Аннотация*

Статья посвящена развитию компьютерной лексикографии как одного из направлений прикладной лексикографии. Анализируются дискуссии о лексикографии, вызванные тем, что она носит комплексный характер, вбирает в себя как теоретические исследования, так и прикладные изыскания. Активное развитие интернета и технологических отраслей повлияло на развитие нового направления лексикографии – компьютерной лексикографии, в том числе теория и практика компьютерной ономографии, которая изучает словарный фонд собственных имен. В статье анализируются новые типы словарей, размещенных на сайтах “[atau.kz](http://atau.kz)”, “[sozdik.kz](http://sozdik.kz)”. В статье анализируются состояние и перспективы электронных словарей, посвященных собственным именам.

**Ключевые слова:** имена собственные, прикладная лингвистика, компьютерная лексикография, компьютерная ономография, электронный словарь

**Кіріспе.** Тілдерді оқыту тәжірибесінде жаңа технологияларды ендірудің жай-күйін зерттеу барысында лингвистиканың жаңа бағыты – компьютерлік тіл білімі дейтін саланың туып, дамуына әкелді. Бұл ғылым саласының пайда болуына жаһандану үрдісі, техниканың қарыштап дамуы, әлемдік ақпараттық технологиялардың орасан жетістіктері, жасанды тілдер үлгілерінің қажеттіліктері ықпал етті. Алайда бұған уәждеме болған ақпараттық технология болса, тілдің қандай қатысы бар деген сауал туындары анық. Жоғарыдағы қажеттіліктерді тағы санамалап шықсақ, аталған үрдістерді лингвистика ғылымынсыз, тілдің құрылымынсыз шешу мүмкін емес екен. Мәселен, жасанды тілді

жетілдіру үшін тілдің құрылымын білу міндетті. Сондай-ақ, адамның компьютермен табиғи тілде қарым-қатынас жасаудың үлгілері мен күрделі адам-тіл-машина түсінігінің кешені классикалық лингвистика постулаттарының көмегісіз жүзеге аса алмайды.

Компьютерлік лингвистиканың маңызды мәселелері – автоматты түрде жүзеге асып оқылатын лингвистикалық жүйені анықтау. Р.Г. Пиотровскийдің[1, 32] пікірінше автоматты лингвистиканы қолданудың өзіндік екі қыры бар:

1. Дәстүрлі – оқыту бағдарламалары негізінде нақты грамматикалық бөлімін оқытуда немесе қойылымдық сипаттағы жаттығулар көмегімен, компьютерлік тестпен жасай алатын қыры.

2. Когнитивті-интеллектуалдық – тілдерді оқытуды компьютермен қамту. Лингвостатистика әдісін, семантикалық жүйені, автоматты оқу сөздіктерін, грамматикалық кестелер қолданылады. Бұл аталған бағыт бойынша К. Маккьюин[2, 1] мен О. Руденко-Моргун[3, 1] шұғылданды.

Мәселен, «электронды сөздік» термині тіл білімінде шамамен он жыл бұрын пайда болса, «компьютерлік лексикография» термині одан ертеректе қолданыста болған. Ғалымдар оны әртүрлі терминмен атайды, мысалы: Ю.Н. Марчуктың еңбектерінде – «есептеуіш лексикография» (1976 ж.), Е.В. Вертель – «машиналық лексикография» (1984 ж.), А. Казакевич – «автоматтандырылған лексикография» (1985 ж.), ал В. Марковкин – «компьютерлік лексикография» (1990 ж.) десе, кейін Ю.Н. Марчук барлық осы атауларды ортақ мағынаға біріктіріп «компьютерлік лингвистика» деген атпен танылған қолданбалы лингвистика мәселелерін жүзеге асырды. Бұл тақырыпта М. Мандрикова өз еңбектерінде «есептеуіш лексикография», «есептеуіш машина» және «автоматты лексикография» терминдері синонимдес болып табылады, өйткені олардың барлығы өз жұмысында бір құралға сүйенеді, ол – компьютер деп тұжырымдаған. Ол компьютерлік лексикография деген қорытындыға келеді. Лексикография тіл білімінің жеке бөлімі болып қабылдануы мүмкін. Бұл ғылымның мазмұны әр түрлі компьютерлік сөздіктердің теориялық және практикалық сұрақтарының болуын, сондай-ақ осы мәселеге қатысы бар барлық түсініктерді ұғынуды құрайды.

Компьютерлік лингвистика мәселелері көптеген зерттеулердің тақырыбы екені даусыз. Компьютерлік лексикографияның кейбір мәселелері 1980 жылдың басында құрылған компьютерлік лингвистика қауымдастығында талқыланды. Көрнекті лексикографтардан бұл салаға А. С. Герда, В.М. Анрющенко, Ю. Н. Марчук, И. Убина, С. В. Меркурова, В. Морковкина, Г. М. Мандрикова және т. б. зор үлес қосты.

**Әдістеме.** Алдымен компьютерлерді пайдалану әдісі лексикографтың жұмыс процесін автоматтандыру құралы ретінде ғана қарастырылды. Алайда, белгілі сөздіктер жасау ұзақ уақыт бойы қауырт жұмысты талап етеді. Кейіннен сөздіктер жасауды машиналарға ұсыну неғұрлым орынды деп санай бастады. Бұл бағыттағы алғашқы қадам IBM компьютерлерінің көмегімен жылдам қос тілді сөздікті жасау болды. Ол компьютерлік лексикографияның көптеген артықшылықтары бар екенін көрсетті. Компьютерлерді пайдалану лексикографиялық материалды кез келген қажетті түрде теруге, сөз жиілігін анықтауға, суреттер жасауға, иллюстрациялар жасауға мүмкіндік береді.

Ақпараттың толассыздығы, қайсыбірін есте сақтауды мүмкін ете бермейді. Сондықтан үнемі көмекке жасанды интелектпен толықтанған компьютердің барлық мүмкіндіктері адам санасының жағдайын оңтайландырып келеді. Компьютер тілін зерттеу, автоматты аударма саласы өткен ғасырда шетелде зерттеліп, алғашқы ғылыми арналарын ашқан екен. Ал қазақ даласында зерттеуге зәру болып жүрген компьютерлік тіл білімі дейтін жаңа ғасырдың жаңа саласына кезек енді келген сыңайлы. Қазақ даласындағы шын мәніндегі статистикалық ізденістерді ғалым Қ. Жұбанов қазақ орфографиясын ғылыми негізде құру мақсатында қолданған.

*Кеңес одағы кезінде Тіл білімі институтында «Түркі тілдерін статистикалық және ақпараттық зерттеу» (1969 ж.) атты Бүкілодақтық ғылыми-практикалық жиналысынан кейін-ақ тілдің жаңа технологиялық саласы жаңғырды деуге болады. Қолданбалы лингвистика бөлімі проф. Қ.Б.Бектаевтың ғылымдағы жолын жандандыру мақсатымен, қазақ тілінің жаңа саласының қалануына қомақты үлес қосқаны айғақ. Мәселен, 1990 жылдары М.Әуезовтің шығармалар жинағы ЭЕМ жадына енгізіліп, 1994-1995 жылдары «М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері» атты жиілік жүйесінің шыққаны, тілдің қолданбалы жағы және корпусдық мәселелерімен айналысуға мүмкіндік берді. Кейін, тілінің статикалық, қолданбалы саласындағы өзекті мәселелері жөнінде ғалым А. Жұбанов, Ә. Болғанбаев, Ш. Дәулетқұлов сияқты ғалымдар еңбек етті.*

Алғаш болып қазақ тіл білімінің қолданбалы саласында өнімді еңбек еткен профессор А.Қ. Жұбанов: «қолданбалы лингвистика саласының кең мағыналығын – тілдің құрылымы мен қызметіне

қатысты ғылыми мағұлматтарды тілге қатыссыз пәндер саласында, адам баласының практикалық мұқтаждығынан және мұндай қызметтің теориялық негіздемесі ретінде қолданылуынан туындайтынын көруге болады»[4, 12] – дейді. Расында, компьютерлік лингвистиканың пәнаралық байланысы тіл біліміндегі концептуалдық тұжырымының жаңаруына мүмкіндік берді.

Тіл білімі ғылымының дәстүрлі зерттеулері өзінің жемісін беріп келеді, алайда қазіргі зерттеулерге жаңашылдық пен алға басушылық жетпейді. Біз үнемі ескінің кертартпалығынан арыла алмай, жаңа ғасырдағы қазақ тіл білімінің феноменін құра алмай келеміз. Мәселен, «электронды сөздік» атауы күнделікті қолданатын үйреншікті сөзге айналып кеткені анық. Осындағы «электронды» деген сөз болмаса, жай сөздіктің қазіргі атқаратын қызметі мен әлеуеті әлдеқайда тар екенін мойындайықшы. Дәстүрлі, тәжірибелік лексикографияның дамуымен қатар оның зардап шегуінің үш фундаменталды себептері бар:

1. Жаңа сөздердің күн санап енуі сөздіктегі сөз қоры мен оның көлемінің артуының айғағы. Сөздіктердің көлемді болуы сол тілдегі лексикалық қордың молдығын көрсетеді, - онымен жұмыс жасау да қиындық тудырады. Мәселен қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігі, болмаса 15 томдық қазақ әдеби тілінің сөздігі. Яки Оксфордың 20 томдық сөздігі.

2. Лексикалық мәндердің сипаттамасы неғұрлым толық және тереңірек болған сайын, соғұрлым сөздік дәрежесі сол тілдің ұлттық әрі мәдени жағдаятынан алшақтайды.

3. Сөздіктің лексикографиялық концепциясы қызығырақ болған сайын, лексикалық мәндерді сипаттаудың құралдары соғұрлым интегралды болады.

**Талқылау.** Ал компьютерлік лексикографияның мүмкіндіктері қандай?

1. Сөздік мақаласының мазмұнын, оның ішінде әр түрлі өлшемдер бойынша ішінара көрсету мүмкіндігін ( әр түрлі «проекциялар»), әдеттегі сөздіктерде пайдаланылмайтын әр түрлі графикалық құралдардың кем көлемдігі.

2. Морфологиялық және синтаксистік талдау, дыбыстық және т.б. тану және синтездеу сияқты әртүрлі лингвистикалық технологияларға қол жеткізу мүмкіндігі.

Электронды және қағаз сөздіктердің өзіндік ерекшеліктері бар. Бірақ, екеуінің ортақтығы – ақпаратты сақтаушы, тасымалдаушы, жинқатап өңдеуші құрал болғандығында. Электронды сөздіктің басты ерекшелігі – іздеу жүйесі бар жаңашылдығы мен техникалық функциялары, аспектілерінің артықшылығында.

Ал Н. Сивакова мен Г. Мандрикова электронды сөздіктердің дәстүрлі сөздіктерден мынандай айырмашылықтарын атап өтеді:

- икемділігі – лингвистикалық бағдарламалы кешен сөздікті пайдалануды жеңілдетеді және қолдану кезінде мүмкіндіктерді кеңейтеді;

- тәуелсіздігі – тілдің заңдылықтарына қарамай әр түрлі тілдердің лексикалық бірліктері арасында байланыс жасай білуі;

- динамикалығы – сөздік мақалаларын түзете алу, ескірген сөздерді алып тастау т.с.с. мүмкіндігі. [5, 112]

Алайда, электронды сөздіктер бірқатар кемшіліктерге де ие. Мәселен, сөздікті іздеу арқылы кіру кезінде бірнеше сәйкес келетін сөздік терезелері ашылады және тиісті әрі нақты керек сөздікті таба алмай қалады. Сөздікті кең көлемде көру мүмкін бола бермейді, онда тек сөздік мақаласының үзiгi ашылады, сондықтан пайдаланушы терезеден жиі шығуға мәжбүр болады. Сондай-ақ, интернет-технологиясындағы білімі жеткіліксіз пайдаланушы көп уақытын сөздіктің құрылымын игерумен жоғалтып алуы мүмкін

Дегенмен, электрондық сөздіктердің құны кітап қорынан әлдеқайда қымбат. Бағдарлама құрастырушылары электрондық сөздіктер ұсынатын барлық мүмкіндіктерді пайдалана алмайды. Кейбір пайдаланушылар өздерінің қажеттіліктерін дәстүрлі сөздіктер қанағаттандыра алады деп ойлайды, бірақ кітап сөздігінде сөзді іздеу әлдеқайда қиын. Дәстүрлі сөздікте сөздердің алфавиттік ретпен орналасуы тұрғысынан ғана ыңғайлы. Мұнда іздеу шектелген. Жоғарыда жүргізілген талдауға негізделе отырып, біз электронды және дәстүрлі сөздіктердің күшті және әлсіз жақтарын салыстыру мақсатын қойған жоқпыз, өйткені бұл жерде пайдаланушының өзіндік ыңғай таба білу қабілеті басты рөл атқарады. Мазмұнға сәйкес келетін сөзді түсіну және таңдау, икемділік көрсету – пайдаланушы шеберлігінің негізгі шарттарының бірі.

Электронды сөздіктердің әлеуеті, ғылыми кеңістіктегі орны кеңдеу болып тұрғанын көріп келеміз. Қазақ тілінің қолданыс аясы мен мұқтаждығына қарай бірнеше электронды сөздіктердің жемісті қызмет етіп келе жатқанын білеміз. Оған «sozdik.kz», «lugat.kz» және т.с.с танылып келе

жатқан сөздіктердің тізбесін мысалға келтіре аламыз. Сондай-ақ, 2019 жылдың 9 желтоқсанында өткен «Компьютерлік лингвистикадағы қазақ тілі» атты дөңгелек үстелде «Translators Group» компаниясының 300 000 сөздік мақаланы қамтитын «audaru.com» атты ағылшын-қазақ терминологиялық сөздігінің таныстырылымы өтті. 1 айдан кейін пилоттық нұсқада іске асатын бұл сайттың берері мол болатыны сөзсіз. Алайда бұл сөздіктердің барлығы орфографиялық, аударма, түсіндірме сөздіктердің негізгі базасында жасалған. Ал өз маңызын арттырып келе жатқан «dic.academic.ru» атты орыс тілінің әмбебап электрондық сөздігінің құрылымы күрделі, пайдаланушылардың барлық сұранысына жауап беретін құнды порталға айналып отыр. Сайтта медицина, биология, жаратылыстану, география, дінтану, экономика, юриспруденция, тарих, этимология, әдебиет, өнер, философия және әлеуметтану тіпті құрылыс энциклопедияларының жинақтары мен сөздіктерінің базасы берілген. Электронды сөздікте жалқы есімдердің анықтамалық және түсіндірмелік базасы да бар. Сондай-ақ, 14 тілдің аударма сөздігі мен бір мультитілдік электронды жинақ бар. Ал Қазақстанда қоғамдағы мемлекеттік тілдің қажеттілігі туындамаса, дәл *dic.academic.ru* секілді әмбебап сөздік жасаудың уәжі де уақыты да келмейді. Біздегі электронды сөздіктердің реті түсіндірмелі, ономастикалық, аударма болып бірнеше түрге бөлініп, жеке-жеке сайт болып шашырап жүр.

**Нәтиже.** Ал қазақ тіліндегі ономастикалық электронды сөздіктер тек 2017 жылдың басында ғана қолдау тауып, жаңғыра бастады. Жалқы есім сөздіктерінің түзілу теориясы мен тәжірибесін зерттейтін ономастиканың саласын ономография (onomastike – ат қою өнері, grapho – жазамын) деп атап жүрміз. Ал компьютерлік ономография ономастикалық электронды сөздіктердің түзілу тәжірибесін зерттейтін ғылымның жас саласы. Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен жарық көрген “*atau.kz*” ономастикалық электронды сөздігінің базасы мен иллюстрациясы көзді қуанытып, халықтың көңілінен шығып отырғаны айғақ. Бұл электронды сөздік ономастиканың топонимдік аспектісін негізге алады. *Atau.kz*-тің сонылығы – жалқы есімдерді категорияларға жіктеуінде. Мәселен: ең үздік категориялар деп: *қала, көше, театр, мәдениет үйлері, мектептер, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, кәсіптік оқу орындары, саябақ, ауыл* деп бөліп алған.

Алайда Қазақстандағы барлық географиялық нысандарды түгелімен қамтыған *yandexmap*-тың жемісті жұмысынан кейін, *atau.kz*-тің халыққа тигізер пайдасы шамалы екенін шүбәсіз мойындаймыз. Егер *atau.kz*-те географиялық анықтамалықпен қатар, елді-мекеннің тарихы, аты атап тұрғандай, әр атаудың жалпы этимологиялық коды берілген болса, бұл сөздіктің көпшілік халық арасында да, тіл мамандары арасында да қолдау тауып, қолданыс аясы кеңейер еді. Болмаса, бұл электронды базаны *yandexmap*-тыңкестеде берілген түрі деп есептер едік.

Дүниежүзіндегі географиялық объектілер электронды карталарға түсіріліп, әр ай сайын жаңарып, өңделіп отырады. Әлемдік желі әртүрлі географиялық ақпараттарға да өте бай, сондықтан топонимдердің барлық мүмкіндіктерін аша отырып, адам өміріне қажетті қазақ сөздігін жасап шығару өте күрделі мәселе. Мәселен, қазақ топонимдерін миссионерлік бағытта зерттеген Ф. Щербин жылдар бойы қазақ атауларын жинақтау барысында 12 томдық «материалы по киргизскому землепользованию» (1912 ж.) атты статикалық жинағы жарық көреді. Ал алаш зиялылары Ә. Бөкейханов пен Т. Шонанұлының жер қатынасына қатысты еңбектеріне диахронды талдау жүргізіп, әрі қазіргі атаулармен салыстырып, байырғы атаулардың да электронды базасын әзірлеу кезек күттірмейтін мәселе. Себебі елбасының «архив-2025» жеті жылдық бағдарламасында: «Архив деректерін тек жинақтап қана қоймай, барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру керек. Өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуы тиіс. Сондықтан, мектептер мен барлық өңірдегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңызды. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойына өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады»[6, 2] – дейді.

Қазіргі өскелең ұрпақ үшін қарапайым қағаз сөздіктерді пайдалану қызық емес болып қалған. Сондықтан ономастиканың антропонимика саласындағы соны еңбектерді электронды база етіп жинақтау – заман талабы. Белгісіз автордың басшылығымен «*esimder.kz*» сайты ашылған екен, алайда атаулардың базасы санаулы әрі жұпыны, аяқталмаған жұмыс. Профессор Телғожа Жанұзақтың «Есімдер сыры» дейтін қазақ есімдерінің этимологиялық жинағы қазірге дейтін өз құндылығын жоғалтқан емес. 1988 жылдың өзінде-ақ, профессор: “қазақ есімдері жайлы көлемді де мазмұнды кітап әсіресе Азаматтық Хал актілерін тіркеу бөлімдері мен ауылдық, аудандық Советтерге, паспорт орындарына қажет боп отыр”[7, 25]– деп жазады. Арада 30 жылдан астам уақыт өткенімен, бұл

мәселе әлі күнге дейтін өз шешімін тапқан емес. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, ономастика бөліміне қазақ азаматтары өз есімдерін мемлекеттік тілде дұрыс рәсімдеуін талап етіп келеді. Ал егер қазақ есімдерінің бекітілген электронды базасы болған жағдайда, АХАТ бөлімдерінің, паспорт орындарының есімдерге қатысты күрделі мәселелері өз шешімдерін табар еді. Ал 2025 жылға қарай Қазақстан азаматтарының куәліктері мен құжаттары латын әліпбиінде таңбаланатын болса, қазақ есімдерінің кирил-латын негізіндегі параллель электрондық сөздігін әзірлеудің мәселелері актуалды болып отыр.

**Қорытынды.** Сөздіктің өмірдегі қызметі айқын және арнайы растауды керек етпейді. Екінші және үшінші мыңжылдықтардағы тілдік және мәдени байланыстарды жаңғырту барысында лексикография мәселелеріне деген қызығушылықты арттырып, лексикографиялық теория мен тәжірибені жаңаша деңгейге бағыттау үшін ақпараттық технологияның мүмкіндіктері арқылы қоғамның айрықша қажеттілігінің пайда болуына алып келді. Соңғы сөздіктерді жасау – жұмысты автоматтандырумен, сондай-ақ, әлемдік желіге қол жеткізумен, ХХІ ғасырдың талаптарына жауап беретін жаңаша базаны пайдалану бойынша жаңа мақастар мен міндеттерді қоюмен байланысты. Қазіргі таңда лексикография ғылымы дамудың жаңа сатысын бастан өткізуде. Ақпараттық, мультимедиялық технологиялардың дамуының арқасында сөздік қордың жаңа буынын электронды нұсқада белсенді қолдана отырып, тілдік материалды автоматты өңдеудің әдіс-тәсілдері мен лексикографтың жемісті өнімдерінің әмбебап көрінісі негізінде өндіруге мүмкіндік болды.

Әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылу мақсатымен Қазақстанның әлемдік қауымдастық, мемлекеттер арасындағы экономикалық, мәдени байланысы жақсы. Қытай, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан секілді еөршілес мемлекеттермен де мәдениетаралық байланысымыз артып барады. Мемлекеттердің ішінде Қытайдан басқа көрші елдермен халықаралық орыс тілі арқылы коммуникацияға түсе аламыз. Бірақ қытай тілін меңгерген мамандардың тапшылығы көршілес алпауыт мемлекетпен қарым-қатынас жасауда тілдік барьер туғызады. Демек бүгінде қазақ тілі мен қытай тілін білетін мамандарға деген сұраныс арттырып отыр. Оның үстіне пайдалануға ыңғайлы электронды сөздіктің жоқтығы өзіндік қиындықтарын тудырып отыр. Бұдан бөлек әлемдік автоматты аударма саласындағы қазақ тілінің жаңа шыңға шығуы 2014 жылдың 15 желтоқсанынан басталды. Себебі дәл осы күні қазақ тілі әлемдегі ең танымал «google translate» автоматты аударма жүйесіне кірді. Күн сайын 500 миллионнан астам адам қолданатын google аударма жүйесіне қазақ тілін енгізу жобасын «wikibilibim» қоғамдық қоры жүзеге асырды. Дегенмен қазақ тілінің семантикалық, синтаксистік, контекстік автоматты аударма жүйесіндегі шешер мәселелері жетерлік.

Электронды сөздіктердің пайда болып қолданысқа енуі пайдаланушылар үшін көптеген мүмкіндіктерді ашып беріп, олардың жұмысын жеңілдетті. Электронды сөздіктер шет тілдерін тез меңгеруге, аударма қызметін жеңілдетуге, ақпарат алмасу қашықтығын жоюға, үлкен көлемдегі ақпаратты қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ғаламтор желісіндегі электронды сөздіктер арқылы ақпаратты көшіруге, өңдеуге, дыбысталуын естуге болады. Электронды сөздік – қағаз сөздікке кірмей қалған көптеген мәліметтерді енгізуге болатын үлкен лексикографиялық кешен. Ал біздің бүгінгі мақсат – әлемдік ономастика кеңістігіндегі электронды ономографиялық кешен әзірлеу.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 *Пиотровский Р.Г., Бектаев К. Б., Пиотровская А. А. Математическая лингвистика: Учеб. пособие для пединститутов / Р.Г. Пиотровский и др. – М.: Высшая школа, 1977. – 383 с. – кітап*
- 2 *Маккьюин К. Дискурсивные стратегии для синтеза текста на естественном языке: монография / К. Маккьюин. – М., 1989. – 126 с. – кітап*
- 3 *Руденко-Моргун О.И. Принципы моделирования и реализации электронно-методического комплекса по русскому языку на базе технологии гипермедиа: автореферат на соискание ученой степени доктора наук / О.И. Руденко-Моргун. – М., 2006, – 41 с. – автореферат*
- 4 *Жұбанов А.Қ. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: оқу құралы / А.Қ. Жұбанов. – А.: Қазақ университеті, 2007. – 204 б. – кітап*
- 5 *Сивакова Н.А. Лексикографическое описание английских и русских фитонимов в электронном глоссарии: дис. канд. филол. наук / Н.А. Сивакова. – Т., 2004. – 162 с. – диссертация*
- 6 *Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. – Алматы: Егемен қазақстан, 2018. – Б. 2. – мақала*
- 7 *Жанұзақ Т. Есбаева И. Қазақ есімдері: анықтама сөздік / Т. Жанұзақ, И. Есбаева. – А.: Наука, 1988. – 478 б. – сөздік.*

References:

- 1 Piotrovski R.G., Bektaev K. B., Piotrovskaya A. A. *Matematicheskaya lingvistika: Ucheb. posobie dlya pedinstitutov/ R.G. Piotrovski i dr.* –M.: Vysshaia shkola, 1977. –383 s.–kitap
- 2 Mäkküin K. *Diskursivnye strategii dlya sinteza teksta na estestvenom iazyke: monografiya/ K. Mäkküin.*–M., 1989.–126 s.–kitap
- 3 Rudenko-Morgun O.İ. *Prinsipy modelirovaniya i realizatsii elektronno-metodicheskogo kompleksa po ruskomu iazyku na baze tehnologii gipermedia: avtoreferat na soiskanie uchenoi stepeni doktora nauk/ O.İ. Rudenko-Morgun.*– M., 2006, –41s.– avtoreferat
- 4 Jūbanov. A.Q. *Kömpüterlik lingvistikağa kırıspe: oqu qūraly/ A.Q. Jūbanov.*–A.: Qazaq universiteti, 2007. – 204 b.– kitap
- 5 Sivakova N.A. *Leksikograficheskoe opisanie anglikskih i ruskih fitonimov v elektronnom glosarii: dis. kand.filol.nauk/ N.A. Sivakova.*–T., 2004. -162 s.– disertasiya
- 6 Nazarbaev N. *Ūly dalanyñ jeti qyry.* –Almaty: Egemen qazaqstan, 2018. – B. 2. – maqala
- 7 Janūzaq T. *Esbaeva İ. Qazaq esimderi: anyqtama sözdik/ T. Janūzaq, İ. Esbaeva.* –A.: Nauka, 1988. – 478 b.– sözdik.

МРНТИ 16.21.07

Турашбек Е.,<sup>1</sup> Ныязбекова К. С.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> *Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

**К ВОПРОСУ О СПЕЦИФИКЕ ВХОЖДЕНИЯ В СОВРЕМЕННЫЙ РУССКИЙ ЯЗЫК  
ОБЛИГАТОРНОГО ЗАИМСТВОВАНИЯ ИЗ СФЕРЫ ЗОЖ**

*Аннотация*

Статья посвящена рассмотрению освоения англоязычного заимствования, входящего в широкий спектр лексем из сферы “здоровый образ жизни”, которые относятся к числу обязательных заимствований (лексемы *фаст-фуд*). В качестве инструментария для изучения частотности употребления, процесса вхождения и распределения по типам текстов в работе были использованы данные Национального корпуса русского языка. На основании рассмотрения материалов Национального корпуса русского языка и использования предлагаемых инструментов, был выявлен 41 текстовый фрагмент, содержащий данное заимствование, при этом негативная оценка наблюдается в 19 случаях из 41, т.е. в 46% рассмотренного нами материала; также выявлено 12 случаев нейтральной оценки, что составляет около 29%; позитивно оценочная ориентация концепта *фастфуд* отмечается в 10 случаях, что соответствует 25% рассмотренных нами случаев его употребления. В статье отмечается, что в процессе освоения происходят трансформации как семантического, так и прагматического характера.

**Ключевые слова:** обязательное заимствование, Национальный корпус русского языка, сфера ЗОЖ, позитивная оценка, негативная оценка, нейтральная оценка

Турашбек Е.,<sup>1</sup> Ныязбекова К. С.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

**ҚАЗІРГІ ОРЫС ТІЛІНЕ СӨС САЛАСЫНАН ОБЛИГАТОРЛЫҚ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ  
ЕНУ ЕРЕКШЕЛІГІ ТУРАЛЫ**

*Аңдатпа*

Мақала “салауатты өмір салты” саласынан орыс тіліне ағылшын тілінен енген кірме сөздер, және оның ішінде міндетті түрде ағылшын тіліндегі нұсқасынан кеңінен енген лексемаларды (мысалы, *фаст-фуд* лексемасын) игеру мәселелерін зерттеуге арналған. Орыс тілінің Ұлттық корпусының деректері шығармалардағы мәтін түрі бойынша енгізу, тарату процестерін және қолдану, пайдалану